

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректор өкілі

Женгиз Томар

« 01 » 04 2022 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры

Ж. Темирбекова

07 2022 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

УЕ-ХҚТУ-081-2022

ИМПАКТ-ФАКТОРЛЫ ЖУРНАЛДАРДА ЖАРИЯЛАНҒАН ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА ЖӘНЕ ПАТЕНТ АВТОРЛАРЫН МАРАПАТТАУ ЕРЕЖЕСІ

АЛҒЫЗ СӨЗ

- 1 Ғылыми зерттеулер бөлімі тарапынан ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Әзірлеген
 - Ғылыми зерттеулер бөлімінің басшысы А.Балтабаева
 - Ғылыми зерттеулер бөлімінің жетекші маманы Г.Рахматуллаева
- 3 Келісілді
 - Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры А.Ошибаева
 - Академиялық мәселелер вице-ректоры Э.Идрисова
 - Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры Пусат Пилтен
 - Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
 - Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев
- 4 ЕНГІЗІЛДІ – 2022 ж.
- 5 Тексеру мерзімі – 2024 ж.

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 2-ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер (сілтемелік құжаттар)	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жауапкершілік және өкілеттілік	4
5. Жалпы ережелер	4
6. Шетелдік баспа жарияланымдарын рәсімдеуге университет тарапынан қойылатын талаптар	4
7. Марапаттауға ұсыну тәртібі мен өтінімдерді қарастыру реті	5
8. Өзгерістерді енгізу тәртібі	6
9. Келісу, сақтау және тарату	6
Қосымшалар	8
А. Танысу парағы	9
В. Өзгерістерді тіркеу тәртібі	9
С. Өтінім формасы	10

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХКТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 3-ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің (ары қарай Университет) оқытушы-профессорлық құрамының (бұдан былай – ОПҚ) және білімгерлерінің Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі (бұдан былай – Ереже) университеттің коллегиялды құрылымының ғылыми-зерттеу жұмыстарының мәртебесін әлемдік деңгейге интеграциялау мақсатында әзірленген және Ахмет Ясауи университетінің 2022-2026 жылдарға арналған стратегиялық Даму жоспарына, Университет Өкілетті Кеңесінің 25.09.2021 ж. № 70 мәжілісінің 11.2.2 шешіміне және 28.05.2022 ж. №72 мәжілісінің 6.3.1; 6.3.2 шешімдеріне сәйкес Ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапалық және сандық көрсеткішін арттыру негізінде ынталандыру шарттарын белгілейді.

1.2 Осы Ереже университеттің ОПҚ мен қызметкерлерінің және білімгерлерінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ынталандыру мен марапаттауда негізгі құрал болып табылады.

1.3 Осы Ережені университет Ректордың бұйрығымен бекітілген қызметтегі өкілдері және ОПҚ-ы және білімгерлері қолданады, Университеттің барлық құрылымдық бөлімдеріне ендіріледі.

2 НОРМАТИВТІ СІЛТЕМЕЛЕР (СІЛТЕМЕЛІК ҚҰЖАТТАР)

Университеттің осы ережесінде төменде көрсетілген нормативті құжаттарға сілтемелер жасалған:

- Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпанындағы «Ғылым туралы» Заңы;
- 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағы; 2018 жылғы 4 шілдедегі №172-VI Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының заңы;
- ЖББҰ кейінгі білімге қатысты нормативті құжаттар;
- Университет Жарғысы;
- Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламенті (Өкілетті Кеңестің 25.09.2021 ж. № 70 мәжілісі; Шешім № 11.2.2.; 28.05.2022 ж. №72 мәжілісі, Шешім № 6.3.1; 6.3.2);
- ҚП - ХКТУ-7.5.3-2020 Құжаттандырылған ақпараттарды басқару.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Бұл Ережедегі пайдаланған терминдер және анықтамалар тізбесі:

ҚР – Қазақстан Республикасы;

ТР – Түркия Республикасы;

ИФ – импакт-фактор;

ҰҒТАО – Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы;

ОПҚ – оқытушы-профессорлар құрамы;

ЖББҰ – Жоғары білім беру ұйымдары;

ҚР БжҒМ – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі;

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

TÜBİTAK – Türkiye Bilimsel ve Teknolojik Araştırma Kurumu;

СРКБСО – Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығы.

4 ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен Ғылыми зерттеулер бөлімі айналысады.

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 4-ші беті

5 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Университеттің осы Ережесі елдің ғылыми-техникалық потенциалының өркендеуін, ғылым мен өндірісті заманауи жағдайда тығыз байланысты дамытуды көздейтін 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы, ҚР Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары негізінде әзірленген. Бір жағынан аталмыш ереже Университет тарапынан ғылымның дамуы мен ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды ынталандыру мақсатында және индустриалды-инновациялық даму стратегиясы, басқа да мемлекеттік бағдарламасын іске асыруда ОПК мен қызметкерлердің және білімгерлердің белсенділігін арттыру мақсатында жасалынған.

5.2 Осы Ереже ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін мерзімді басылымдарда жариялау және патенттер алу заманауи ғылыми қызметінің негізгі анықтаушы ретінде зерттеушінің академиялық дамуының табыстылығының көрсеткішін айқындайды. Осындай жарияланымдардың халықаралық импакт-факторлы (бұдан былай – ИФ) ғылыми журналдарда баспаға шығуы және патенттер алуы жаһандану сипатына ие, сонымен қатар, әлемдік қарқында ғылыми қызметкерлер мен ОПК және білімгерлердің бәсекеге қабілеттілігі мен нәтижелілігінің маңызды индикаторы екендігін білдіреді.

5.3 Университеттің ОПК мен ғылыми қызметкерлерінің және білімгерлердің зерттеу нәтижелерінің жарияланымдарының көпшілігі қазіргі уақытта аймақтық сипатқа ие, сондықтан, халықаралық ғылыми журналдарда жарияланымға қатысуға әлемдік ғылыми кеңістікке интеграцияланудың жеделдету тәсілі ретінде олардың жарияланымдарын ынталандыру қажет. Осы Ережеде ИФ ғылыми журналдарда ОПК мен университет қызметкерлерінің және білімгерлерінің жарияланымдары және патенттері негізінде марапаттау шаралары бекітіледі.

5.4 Ереженің негізгі мақсаты – университет ОПК мен қызметкерлерінің және білімгерлерінің ғылыми зерттеулерінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін жоғарылату шарттарын құруда, олардың ғылымдағы экономикалық және әлеуметтік стимулдарын күшейту.

5.5. Ереженің негізгі міндеті – университет ғалымдары мен білімгерлерінің жоғары рейтингілі журналдарда зерттеу нәтижелерін мақала түрінде жариялауға және патенттер алуға ынталандыру, отандық ғылыми-зерттеу жұмыстарының халықаралық ғылыми зерттеу жұмыстарымен түйістіру негізінде әлемдік ғылым кеңістігіне интеграциялану.

6 ШЕТЕЛДІК БАСПА ЖАРИЯЛАНЫМДАРЫН РӘСІМДЕУГЕ УНИВЕРСИТЕТ ТАРАПЫНАН ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1 Өкілетті Кеңестің Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентінің 10-бабына сәйкес Халықаралық ғылыми базалардың (Thomson Reuters; Clarivate Analytics; Web of Science; Elsevier; Scopus, Jstore) индекстелетін ғылыми журналдарында жарияланған әрбір мақала (Article, Review – *Literature Review* – әдебиеттік, *Systematic Review* – жүйелі шолу және *Meta-Analysis* – мета-анализ), ИФ көрсеткіштерінің негізінде және алынған әрбір инновациялық патент авторына Өкілетті кеңес шешімімен белгіленген көлемде ынталандыру сыйақысы төленеді. Мақаланың бірнеше авторы болған жағдайда сыйақы университет ОПК-на, қызметкерлеріне, университет білімгерлеріне немесе университет атынан білім алып жүрген білімгерлерге (магистратура, докторантура) тендей етіп төленеді. ИФ көрсеткіші мен сәйкесінше сыйақы мөлшері барлық бағыттар бойынша төмендегідей:

Импакт факторлары басылымдарда жарияланған мақалалар (Article, Review)

үшін:	900 000 теңге	800 000 теңге	500 000 теңге	400 000 теңге	300 000 теңге
Индекс атауы					
Jornal Citation	1 квантиль	1 квантиль	2 квантиль	3 квантиль	4 квантиль

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 5-ші беті

Reporst (Clarivate Analytics)					
CiteScore (Scopus)	процентиль (99-90)%	процентиль (89-76)%	процентиль (75-51)%	процентиль (50-26)%	процентиль (25-1)%

Патент үшін:

Патент атауы	Ынталандыру сомасы
Халықаралық (PCT)	300 000 теңге
Еуразиялық	200 000 теңге
Республикалық	100 000 теңге

Ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалар/тезистер мен TÜBITAK-тың ынталандыру аясында жарияланған мақалаларға бұл сыйақы төленбейді.

6.2 Жарияланымдар мен патенттер келесі талаптарға сай екендігі Ғылыми зерттеулер бөлімінің маманы тарапынан анықталады әрі дәлелденеді.

6.2.1 Мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) (ғылыми негізі жоқ қысқаша баяндамалар/тезистер мен аннотациялардан басқа) Thomson Reuters; Clarivate Analytics: Web of Science; Elsevier: Scopus базаларында индекстелетін журналдарда жарияланған болуы қажет, ал инновациялық патенттің өндіріске ендіру (коммерциализациялау) мүмкіндігі болуы тиіс;

6.2.2 Мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) көшірмесі Ғылыми зерттеулер бөліміне өткізіледі, осы бөлімде журналдың электронды веб-сайтында мақаланың (**Article, Review**) және журналдың халықаралық базаларда (Thomson Reuters; Clarivate Analytics: Web of Science; Elsevier: Scopus) жарияланғаны туралы ақпарат анықталуы керек. Сонымен қатар патент көшірмесі (түпнұсқасын көрсете отырып) Коммерцияландыру офисіне өткізіледі (Авторлық куәлік Патент куәлігінсіз қабылданбайды);

6.2.3 Марапаттау сыйақысын алу туралы өтініш, мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) немесе патент жарияланған немесе алынған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде берілуі немесе тіркелуі керек; Марапаттау сыйақысын алу туралы өтініштегі мақаланың (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша квартиль немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші тиісті деректер базасында көрсетілген жариялау жылына ескеріледі. Егер Scopus (Скопус) және/немесе Web of Science (Веб оф Сайенс) базасында халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдың индексациясы бұзушылықтарға байланысты тоқтатылған жағдайда үміткердің өтініші қайтарылады.

6.2.4 Мақаланың (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) электронды көшірмесі Мемлекеттік білім беру мен ғылымды қадағалау саясатына сай қызметкер үшін әзірленген «Platonus» бағдарламасының жеке парағында (жеке web-парақшасы) тіркелуі қажет;

6.2.5 Мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) немесе патент авторы мақала немесе патент жарияланған немесе алынған уақытта Университетте қызметте болған немесе білім алып жатқан болуы керек;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 6-ші беті

6.2.6 Мақаланың (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу** және **Meta-Analysis – мета-анализ**) немесе патенттің жарияланым бетінде Университеттің толық немесе қысқаша атауы (қазақша, түрікше, орысша, ағылшынша) келтірілуі керек. Мысалы:

- қазақша: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан» немесе «Ахмет Ясауи университеті, Түркістан, Қазақстан»;
- түрікше: «Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Türkistan, Kazakistan» немесе «Ahmet Yesevi Üniversitesi, Türkistan, Kazakistan»;
- орысша: «Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан» немесе «Университет Ахмеда Ясави, Туркестан, Казахстан»;
- ағылшынша: «Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish/Turkish-Kazakh University, Turkestan, Kazakhstan» немесе «Akhmet Yassawi University, Turkestan, Kazakhstan» деп аталынуы тиіс.

6.2.7 Корреспондент автордың және қосалқы автордың мақаласында (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу** және **Meta-Analysis – мета-анализ**) міндетті түрде хат алмасушы электронды адресінде (e-mail) университеттің домені жазылуы керек. Мысалы, xxxxxxxx@домен.атауы – xxxxxxxx@ayu.edu.kz.

Аталған 7 (жеті) шарттың барлығы орындалған жағдайда марапаттау сыйақысы рәсімделеді.

7 МАРАПАТТАУҒА ҰСЫНЫМ ТӘРТІБІ МЕН ӨТІНІМДЕРДІ ҚАРАСТЫРУ РЕТІ

7.1 ИФ ғылыми басылымда мақала жариялау нәтижесінде марапаттауға ие болу үшін өтінім беруші кез келген автор (университет қызметкері, ОПК, ЖББҰ-нан кейінгі білім беру бағдарламаларының білімгері) бола алады.

7.2 Марапатталушының университет Ректорына жазбаша өтініші негізінде марапаттау іс-шаралары жүргізіледі. Өтінім үлгісі қосымшада берілген (қосымша С).

7.3 Жарияланған мақалаларда (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу** және **Meta-Analysis – мета-анализ**) мекен-жайы ретінде «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» атауының көрсетілуі, мақала жарияланған уақытта автордың Ахмет Ясауи университетінде қызмет атқарып жатқан болуы, университетте немесе университет атынан басқа ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлға болуы тиіс. Жарияланған мақаланың (**Article**) қосалқы авторлары (авторлар ұжымы) болған жағдайда, марапаттау сыйақысы университет оқытушы-профессор құрамына, қызметкерлеріне, университетте және университет атынан ЖОО кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алып жүрген тұлғаларға және университет атынан мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу** және **Meta-Analysis – мета-анализ**) жариялаған авторларға теңдей етіп бөлінеді. Ынталандыру сыйақысын алу үшін мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу** және **Meta-Analysis – мета-анализ**) жарияланған және патент алынған күннен бастап бір жыл (он екі ай) ішінде өтініш өткізу, өтініш қабылданған күнінен бастап 3 (үш) айдың ішінде марапатқа ұсынылады, (мақала ұсынылып жатқан уақытысында Web of Science/Web of Knowledge; Elsevier; Scopus базаларындағы журналдарда қамтылуы) қажет.

7.4 Осы рәсімдеу тәртібіне жауапты университеттің құзыретті органы – Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры қарасты қызметкерлер аталмыш Ереженің 6.2 пунктiне сәйкес талаптардың орындалуын қадағалап, сараптап, университет Ректорына қызметтік хат негізінде өтінімді ұсынады. Өтінімде келесі құжаттар болуы қажет:

7.4.1 Өтінім (автордан);

7.4.2 Мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу** және **Meta-Analysis – мета-анализ**) немесе патент көшірмесі;

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХҚТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 7-ші беті

7.4.3 Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры тарапынан марапаттауға ұсыну туралы қызметтік хат. Қызметтік хатта Ереже талаптары орындалғандығы жайлы ақпарат болуы тиіс.

7.4.4 Марапаттауға ұсынылатын өтінімдер мен құжаттар жинақталып университет Ректорына әр айдың соңғы жұмыс күндерінде ұсынылады.

7.5 Марапатталушылар осы Ереженің талаптарын орындамаған жағдайда Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры тарапынан авторларға ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

7.6 Мақала (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) авторларын марапаттауға рұқсат берілген жағдайда сыйақы рұқсат етілген күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде бұйрық арқылы іске асырылады.

7.7 Мақаланың (**Article, Review – Literature Review – әдебиеттік, Systematic Review – жүйелі шолу және Meta-Analysis – мета-анализ**) ғылыми мазмұны сараптауға алынбайды, яғни, марапаттауға ұсынуға кедергі бола алмайды.

7.8 Есептелінген материалды сыйақы сомасынан барлық салықтар мен бюджетке басқа да міндетті төлемдер алынады.

8 ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

8.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП-ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

8.2 СМЖ құжатымен танысу және өзгерістер енгізу үшін «танысу парағы» (қосымша А), өзгерістерді тіркеу парағы (қосымша В) сәйкес рәсімделуі керек.

9 КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

9.1 Бұл Ереже Университет Сенатының (Ғылыми кеңесінің) 2022 жылы 01 шілде № 11 хаттамасымен бекітілді.

9.2 Осы университет ережесінің жұмыс данасы СРСО-да сақталады.

9.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми зерттеулер бөліміне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі. Сонымен қатар, міндетті түрде деканаттар мен кафедраларға жіберіледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Идрисова

Қаржы және халықаралық байланыстар вице-ректоры

Пусат Пилтен

Заң бөлімінің басшысы

Г.Мусаханов

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

<i>Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>		УЕ-ХКТУ-081-2022
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесі		10 беттің 10-ші беті

ҚОСЫМША С

Өтінім формасы (Үлгі)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ректоры
Ж.Темірбековаға

Өтініш иесінің аты-жөні, тегі,
факультет, кафедрадағы
немесе бөлімдегі қызметі

Өтініш

Өкілетті Кеңестің Жәрдемақы және сыйақы (марапаттау) регламентіне және Импакт-факторлы журналдарда жарияланған ғылыми мақала және патент авторларын марапаттау ережесіне сәйкес *импакт факторлы мақала немесе патент* авторына берілетін ынталандыру сыйақысын төлеуіңізді сұраймын.

Регламент және ереженің барлық талаптары орындалғандығына кепілдік беремін.

Қосымшада қажетті құжаттар тіркелген.

Өтініш иесінің
аты-жөні, тегі

ҚОЛЫ

күні